



TAUBEYEVA, A. (2024). Қазақ және Ағылшын тілдеріндегі ырықсыз етістің қызметі, *Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi*, 7(4), 305-316.

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЫРЫҚСЫЗ ЕТІСТІҢ ҚЫЗМЕТІ

Aliya TAUBEYEVA\*


**Түйіндемe:** Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ырықсыз етістердің салғастырмалы талдауы тіл біліміндегі маңызды тақырып болып табылады. Бұл мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі ырықсыз етістердің семантикасы салғастырылып, түбірлес емес екі тілдің ұқсастықтары мен айырмашылықтары қарастырылады. Зерттеу әдістемесінде қазақ тілінің семантикалық мәселелерін зерттеген ғалымдардың пікірлері және қазақ тіліндегі етіс категориясын зерттеген Қазақстандық және жақын шетелдік ғалымдардың көзқарастары қарастырылады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ырықсыз етістердің ерекшеліктері талдау және тәжірибе бөлімінде мысалдармен көрсетіледі. Ырықсыз етістердің семантикалық ерекшеліктерін талдау барысында таным құзыреттілігінің маңыздылығы аталып өтіледі. Қазақ тілінде ырықсыз етіс іс-әрекеттің субъектісі еріксіз түрде орындалатынын білдіреді, яғни іс-әрекет субъектінің еркіне байланысты емес. Ағылшын тілінде бұл категория passive voice арқылы жүзеге асады, мұнда іс-әрекеттің негізгі нысаны субъект ретінде көрсетіліп, іс-әрекетті жасаушы тұлға фонға кетеді немесе мүлдем аталмайды. Зерттеуде қазақ және ағылшын тілдеріндегі ырықсыз етіс формаларының грамматикалық құрылымдары, олардың қолданылу аясы және функционалдық маңызы қарастырылады. Сондай-ақ, екі тілдегі ырықсыз етіс формаларының синтаксистік және семантикалық ерекшеліктері талданады. Бұл талдау екі тілдегі ырықсыз етістердің қолданыс ерекшеліктерін ашып көрсетуде маңызды болып табылады. Зерттеу нәтижелері тіл білімінде, сондай-ақ қазақ және ағылшын тілдерін оқыту және үйрену процесінде қолданылуға жарамды. Осылайша, тіл мамандары, мұғалімдер және тіл үйренушілер үшін екі тілдегі грамматикалық құрылымдар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсіну жеңілдейді. Сонымен қатар, бұл зерттеу тілдік құрылымдардың трансферіне және тілдік дайындыққа қатысты теориялық тұжырымдамаларды дамытуда қосымша деректер ұсынады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ырықсыз етістерді талдау арқылы оқытушылар тіл үйренушілерге грамматикалық құрылымдардың негізгі семантикалық функцияларын түсіндіре алады және тіл үйрену процесінде тереңірек түсініктемелерді қамтамасыз етеді. Осы салғастырмалы талдау арқылы тіл үйренушілер екі тілдің грамматикалық құрылымдарындағы ұқсас және ерекше аспектілерді ажырата алады, бұл тіл аралық түсіністікті арттырып, тілдік кедергілерді еңсеруге көмектеседі.

**Anahtar Kelimeler:** Ырықсыз етіс, семантика, салғастыру, ұқсастық, айырмашылық

### COMPARISON OF THE PASSIVE VOICE CATEGORY OF KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

**Abstract:** The comparative analysis of the passive voice category in Kazakh and English is a relevant research topic in linguistics. This article aims to compare the semantics of the passive

\* Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Унтерситеті, Алматы, Қазақстан 2-курс докторанты, nigmuba19@mail.ru

 ORCID ID: 0000-0002-6399-0609

voice in Kazakh and English, focusing on identifying the similarities and differences between these two unrelated languages. The methodological section includes references to the views of scholars who have explored the semantic aspects of Kazakh, as well as both local and international researchers who have studied the passive voice in Kazakh. Examples in the analysis and experimentation section illustrate the formation features of the passive voice in both Kazakh and English. The analysis of the semantic characteristics of the passive voice in both languages highlights the importance of cognitive competence. In Kazakh, the passive voice indicates an action performed involuntarily by the subject, independent of their will. In English, the passive voice similarly presents the action's main object as the subject, with the actor either in the background or omitted. The study explores the grammatical structures, application areas, and functional significance of passive voice forms in both languages. It also analyzes their syntactic and semantic features. This analysis is vital for understanding the usage characteristics of the passive voice in both languages. The study's findings have applications in linguistics and in the teaching and learning of Kazakh and English, aiding linguistics professionals, educators, and language learners in understanding the grammatical structures of both languages. Additionally, the research provides data for developing theoretical concepts related to linguistic structure transfer and language preparation. By analyzing the passive voice in Kazakh and English, educators can better explain the primary semantic functions of grammatical structures to students, ensuring a deeper understanding in the language learning process. Comparing the passive voice in Kazakh and English helps language learners distinguish between similar and unique aspects of the grammatical structures, enhancing inter-lingual understanding and helping to overcome language barriers.

**Keywords:** *Keywords, keywords, keywords, keywords, keywords.*

Әлемдегі адамзатты қоршаған барлық заттар мен құбылыстар адамның санасында бейнеленіп, таным процесінің іске асу нәтижесінде мида қандайда бір ұғым пайда болады. Қалыптасқан ұғым мида белгілі бір лексикалық және грамматикалық мағынаға ие болатындай сөз болып түзеліп тіл арқылы сыртқа шығады. Ұғымды сөз арқылы жеткізу барысында мағына пайда болса, мағына – ойды тілмен жеткізу кезінде қолданылатын сөздің мазмұны. Мида қалыптасқан ұғымды мағыналы етіп сөзбен жеткізуші құрал, әрине – тіл. Қазақ тілін зерттеуші Қазақстандық ғалым Жұбаева О.С. «Тіл адамға таным құралы, қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Тіл ақиқат болмысты тану барысында жинақталған әлем туралы білімді жеткізудің негізгі жолы. Тіл ойды жарыққа шығарумен қатар таным әрекетіне өзіндік таңбасын қалдырып отырады. Сол себепті тіл ойлау әрекетіне қатысады. Адамның ойлау және сөйлеу қабілеттерін зерттеуде когнитивтік лингвистиканың орны ерекше (Zhubayeva, 2010, s. 15) деп тілдің көмегінсіз әлемнің қалыптасуының мүмкін еместігін сөз еткен. «Когнитивтік» ұғым адамның өзіне берілген таңсық ұғымды, қоршаған ортадағы құбылысты, немесе болмысты «танып білуі» деп түсінеміз. Адамның когнитивті дамуының қалыптасуын қарастырсақ, яғни ол адамның қабылдауының, есте сақтауының, ойының, тілінің, қиялының бір ізді қалыптасуы мен дамуы және қабылдаған құбылысты тануы деген ойды білдіреді. Сондықтанда, «когнитивтік» ұғымды «танымдық» деген мағынада қолдана аламыз. Танымдық үрдіс әрине тілдің көмегімен іске асады. Тіл мен таным өзара тығыз байланыста болатын үрдіс, сондықтан да тіл мен танымның бір-бірімен байланысы адам өміріндегі құндылықтар қаншалықты роль атқаратынын белгілеп береді.

Қазақстандық тіл мәселесін зерттеуші ғалым Құнанбаева С.С. өз еңбектерінде тілді адамзат мәдениетінің тасымалдаушысы ретінде көрсетіп отырады деген пікірін алға қойса, Турсаева Г.М. тілді оқытуда тілдің мәденитанымдық және когнитивтік - қатысымдық қызметтеріне баса назар аудару қажет екенін айтады (Turesayeva, 2013, s. 163-165). Когнитивтік ғылымның өзіндік атқаратын қызметі жан-жақты адамды қоршаған дүние жайлы мағлұматтарды талдап, олар жайында түсініктер қалыптастырып, ақпараттарды өңдеу мен ойлау үрдісін басқарудың жалпы ұстанымдарын айқындайды. Осыған байланысты, когнитивтік тілдік зерттеулерде

қазақ және ағылшын ұлттарының танымдары арқылы дүниенің тілдік бейнесі түрліше қалыптасқанын көруге болады, алайда бұл екі тілді салғастыра отырып, сөйлем ішіндегі тілдік бірліктерінің семантикасы жағынан ұқсастықтарын да көреміз. «Семантика» сөзі гректің белгілеуші деген сөзінен алынып, қазіргі таңда «сөз мағынасы» деген атаумен баламаланып қолданылып жүр. Сөздің лексикалық мағынасы жоғарыда аталған таным теориясымен байланысты. Сондықтан адамзат жан-жағындағы қоршаған дүниені қаншалықты терең ұғынып қабылдаса, соны сипаттайтын атрибуттық атаулардың мағынасын соншалықты ажыратып, айқындай алады. Себебі, психологиядан белгілі болғандай, сөз мағынасы адам санасындағы қандай да бір құбылыстың жалпыланған көрінісі болып табылады. Сөздердің семантикасы мен мәнінің бір-бірінен ұқсастықтары мен айырмашылықтары жіктеліп, ажыратылатыны шетелдік ғалым Ф де Соссюр зерттемесінде алғаш рет жарық көрсе, ал оны тіл білімінен психологияға алғаш енгізген орыс ғалымы Л.С. Выготский болған.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ырықсыз етіс категориясының семантикасы мақаланың зерттеу саласында қызығушылық тудырған мәселе. Себебі, қазақ және ағылшын тілдерінің өзіндік құрылымына қарай тән грамматикалық және мәдени контексттерімен ерекшеленетіндіктен, екі тілдің грамматикалық тұрғысынан ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындау қазіргі қолданбалы қазақ тілі мамандықтарында білім алушылар үшін талдап көрсетіп беру басты мақсат болып отыр. Ортақ тілдік мұрасының болмауына қарамастан, екі тіл де тікелей объектіні талап етпейтін әрекеттерді білдіру үшін бай жүйелерге ие, бұл адамның когнитивті процестерінің әрекеттер мен болмыс күйлерін қалай жіктеуінің жалпы және тілге тән жолдарын ашады. Түркі тілі болып табылатын қазақ тіліндегі және германик тілі болып табылатын ағылшын тіліндегі ырықсыз етістер әр тілдің агенттік, әрекет және тәжірибе түсініктерін грамматикалық объектінің қажеттілігінсіз қалай сыйғыза алатыны туралы түсініктер ұсынады. Бұл салыстырмалы зерттеу ырықсыз етіс категориясының семантикасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды зерделеуді, тіл құрылымы мен қолданысын пішіндеуге ықпал ететін астарлы когнитивті процестер мен мәдени ықпалдарды ашуды көздейді. Қазақ және ағылшын тілдерінде ырықсыз етістердің қалай функционалдық жұмыс істейтінін және пайдаланылатынын зерттей отырып, біз сөйлеушілердің мағынаны жеткізу үшін қолданатын лингвистикалық стратегияларының тереңірек түсінігіне қол жеткізе аламыз және осы стратегиялардың ойлау мен байланыс үлгілерін қалай бейнелейтінін көре аламыз. Осы екі лингвистикалық әртүрлі контексттерде ырықсыз етістерді зерттеу тек грамматикалық жіктеудің түсінігін байытпайды, сонымен қатар тілді адам ойы мен мәдениетінің терезесі ретінде қарастырудың көптілді зерттеулеріне үлес қосады.

## **1. Негізгі Бөлім**

Салыстырмалы-типологиялық зерттеулер мұғалімдерге әр түрлі тілдердің құрылымдық ерекшеліктерін анықтауға және олардың арасындағы универсалдық және типологиялық белгілерді белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеулер, әсіресе шетел тілдерін үйрену процесінде аса маңызды, өйткені олар тілдердің жүйелік құрылымын салғастыру арқылы тіл үйренуді жеңілдетеді. Типологиялық зерттеулер бірнеше тілдердің грамматикалық, семантикалық және фонологиялық аспектілерінде ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ашуға көмектеседі. Мұндай салғастырмалы әдістер тіл білімінде кеңінен қолданылады және тілдердің құрылымдық сипаттамаларын анықтау үшін маңызды құрал болып табылады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етістерді салғастыру үшін жоғарыда аталған төрт әдісті қолдану мүмкіндіктері мынадай болмақ: Салыстырмалы-типологиялық әдіс қазақ және ағылшын тілдеріндегі етістердің құрылымдық және функционалдық

аспектілерін салыстыруға өте тиімді. Мысалы, екі тілде де етістіктердің шақтары, етістік формалары (мысалы, жалғаулық етістіктер), және синтаксистік функциялары салыстырылады. Бұл арқылы екі тілдің типологиялық ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталады. Компоненттік талдау әдісі етістіктердің мағыналық және грамматикалық компоненттерін талдауға негізделген. Бұл әдіс қазақ және ағылшын тілдеріндегі етістердің мағыналық құрамын, сондай-ақ морфемалық және синтаксистік құрылымдарын талдауға мүмкіндік береді. Мысалы, қазақ тіліндегі аспектуалды ерекшеліктер мен ағылшын тіліндегі модальдық ерекшеліктер арасындағы айырмашылықтарды айқындайды. Құрылымдық (структуралық) әдіс тілдердің құрылымдық жүйелерін талдауға бағытталған. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етістердің құрылымын, олардың жүйедегі орнын және өзара байланыстарын зерттеу арқылы, тілдердің грамматикалық жүйелерінің ұқсас және өзгеше аспектілері ашылады. Салыстырмалы-тарихи әдіс тілдердің тарихи дамуын және туыстық байланыстарын зерттеу үшін қолданылады. Қазақ және ағылшын тілдерінің етіс жүйелерінің даму тарихын салыстыру арқылы, осы екі тілдегі етістердің қалыптасу процестері және олардың қолданылуының өзгерістері туралы бағалы мәліметтер алуға болады. Әрбір әдіс тіл білімінде өзіндік маңызды рөл атқарады және зерттеушілерге тілдік құбылыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ырықсыз етіс категориясының семантикасы мен грамматикалық құрылымдарын талдау барысында А. Байтұрсынұлы, С. Исаев, Ы. Маманов, О. Жұбаева секілді қазақ тіл білімінің алдыңғы қатарлы ғалымдар мен шетелдік ғалымдар И.П. Иванова, В.В. Бурлакова, Г.Г. Почепцов., Н.А. Кобрин, Е.А. Корнеева, М.И. Оссовская, К.А. Гузеева және Cambridge University Press еңбектеріне сүйенеміз. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің морфологиясы мен синтаксисін терең зерттеген тұңғыш ғалым, сондықтан оның еңбектері ырықсыз етіс категориясының қолданылуы мен функцияларын түсінуде маңызды. А. Байтұрсынұлының тілдік құрылымдарға логикалық талдау жасау әдісі ырықсыз етістердің мән-мағынасын және қолданылу контексттерін ашық көрсетуге көмектеседі. С. Исаев синтаксистік құрылымдарға баса назар аударған және ырықсыз етістің сөйлемдегі рөлін, басқа сөз таптарымен қалай өзара әрекеттесетінін зерттеген ғалым. Ы. Маманов әдеби тілдің дамуына және стилистикаға ерекше көңіл бөлген. Оның зерттеулері ырықсыз етістің әдеби шығармалардағы қолданылуы мен олардың мәтін мазмұнын байытуға қосқан үлесі туралы түсініктер ұсынған. О. Жұбаева тілді морфологиялық тұрғыдан зерттеуге үлес қосқандықтан, оның еңбектерінен де ырықсыз етістің орын алғанын көреміз.

Бұл ғалымдардың әрқайсысының зерттеулері ырықсыз етіс категориясын әр түрлі жақтан қарастыруға мүмкіндік береді, олардың пікірлері мен тұжырымдамалары ырықсыз етістердің семантикасын, синтаксистік функцияларын және стилистикалық рөлін түсінуде маңызды. Осы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, мақалада қазақ тіліндегі ырықсыз етіс категориясының семантикалық және грамматикалық өзгешеліктері салыстырмалы түрде зерттеледі. Бұл тәсіл зерттеу мәселесінің кешенді және жан-жақты талдауын қамтамасыз етеді, әрі қазақ тіл біліміндегі бұрынғы зерттеулердің негізінде жаңа бағдарларды анықтауға мүмкіндік береді.

Ырықсыз етіс тақырыбын зерттеген қазақ және ағылшын ғалымдарының еңбектері тіл білімі саласында маңызды орын алады. Ырықсыз етіс мәселесін зерттеуге атсалысқан бірнеше белгілі ғалымдар мен олардың еңбектерін атап өтсек олар: Кенжалин Жұмабек «Қазақ тілі грамматикасы» (1999ж.). Кенжалин Жұмабектің ырықсыз етіс тақырыбына арналған бөлімде, етістіктердің ырықсыз формаларының түрлену жолдары мен олардың семантикалық мағыналары талданады. Гүлнар Кендірбаева «Қазақ тілінің синтаксисі» (2003ж.). Қазақ тілінің синтаксистік құрылымдарын зерттеуге бағытталған. Оның ішінде ырықсыз етістерді қолдану арқылы

сөйлемдердің мағынасын қалай өзгертуге болатыны және олардың сөйлем құрылысындағы орны туралы терең талдау жасалады. Зәуре Босынқызы «Қазақ тіліндегі етістік формаларының функционалдық сипаттамасы» (2015ж.). 3. Босынқызының зерттеуі қазақ тіліндегі етістік формаларының, соның ішінде ырықсыз етістердің функционалдық аспектілерін қарастырады. Ол етістіктердің қалай әрекет ететіндігін және олардың мәтіндегі рөлін түсіндіреді. Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінен бөлек басқа да ғалымдардың қазақ тіл білімінде ырықсыз етіс мәселесінің теориялық және қолданбалы аспектілерін жан-жақты қарастыруға үлес қосқанын және тілдің грамматикалық құрылымдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік бергендерін мақалада атап өтеміз.

Сонымен қатар, шетелдік ғалымдардың еңбектерін атап өтсек, олардың қатарында: Ноам Хомскийдің «Синтаксистік құрылымдар» еңбегі модернистік тіл білімінің негізін қалаушы болып саналады. Бұл зерттеуде ол грамматикалық құрылымдарды, соның ішінде ырықсыз етісті талдайды. Хомскийдің теориялары ырықсыз етіс құрылымдарын түсінуге айтарлықтай үлес қосты.

Раймонд Хаддлстонның «Ағылшын грамматикасына кіріспе» еңбегі ағылшын тілінің грамматикасын, соның ішінде ырықсыз етісті талдауға арналған. Бұл кітап ағылшын тілінің синтаксисі мен морфологиясын терең түсінуге көмектеседі.

Эндрю Редфорд «Заманауи ағылшын тілінің құрылымы» еңбегінде заманауи ағылшын тілінің құрылымын талдап, ырықсыз етістердің грамматикалық функциялары мен семантикалық мәнін жан-жақты зерттейді.

Бас Аартс «Ағылшын синтаксисі және аргументация» кітабы студенттерге арналған оқу құралы ретінде көптеген мысалдар мен түсініктемелер арқылы синтаксистік құбылыстарды, соның ішінде ырықсыз етісті түсіндіруге бағытталған.

Аталған ғалымдардың еңбектері ырықсыз етіс тақырыбына жаңа тұрғыдан қарап, бұл құбылыстың тілдік құрылымдағы орнын және маңызын ашып көрсетеді. Олардың зерттеулері тіл білімі саласындағы теориялық және қолданбалы білімдерді кеңейтуде үлкен үлес қосады.

А. Байтұрсынұлы «Тіл құрал» еңбегінде ырықсыз етіс туралы мәліметті қысқа әрі нұсқа түрінде оқырмандарына қалдырған. «Ырықсыз етіс дейміз – істеу ыркы істеушіден басқада болған істі. Мәселен: ат жегілді, қоян қуылды, қозы сойылды дегенде ат ырықсыз жегіліп тұр, қоян ырықсыз құылып тұр, қой ырықсыз сойылып тұр. «Жегілді», «қуылды», «сойылды» деген сияқты сөздерді ырықсыз етіс дейміз» (Baitursynuly, 2009, s. 84). А. Байтұрсынұлының ырықсыз етіс категориясы туралы ұсынған қысқа мәліметінен қазақ тіліндегі ырықсыз етістің қоланысының қарапайым екенін және оны үйренуші шетелдік азаматқа да жеңіл келетінін көреміз. Ұлтаралық қатынастардың дамуына байланысты, әртүрлі тілдік топтарды және құрылымы жағынан мүлдем алшақ тілдерді типологиялық тұрғыдан зерттеу дәстүрге айналды. Ғылыми ізденістер тіларалық сәйкестіктердің теориялық негізінің жасалуына үлкен үлес қосты. Дегенмен, бұл проблеманың тіл ғылымының кейінгі жетістіктері тұрғысынан әлі де нақтылай түсетін, әлі де жүйелей түсетін тұстары жоқ емес. Мәселен, соңғы кездегі лингвистикалық зерттеулерде қайсыбір тіл құбылысын жаңаша зерделеу, бұрынғы дәстүрлі әдістен шығып, өзгешерек түсіндіру бағыты байқала бастады. Мұндай жаңа нышан ішінара құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық жағынан зерттеу мәселесінде де сезіледі. Тіл ғылымындағы бұл сонылықты ескермейінше құрылымы алшақ тілдерді салғастырғанда, ол тілдердің ішкі жүйесінің заңдылықтарын, олардың грамматикалық табиғатын толық тану, жете сипаттау, әрине, мүмкін болмайды. Тілдерді типологиялық жағынан зерттегенде белгілі бір ұстанымдарға сүйену керек.

Профессор М.К. Исаев қандай да болмасын контрастивті зерттеу жүйелілік

ұстанымын сақтағанда ғана өзінің негізгі мақсатына жетеді. Екі тілдің біртекті фактілерін салғастырылған жағдайда тілдер екіжақты, тең құқықты ұстаныммен салғастырылуы керек екендігін айтады /М.К.Исаев / (Yesenaliyeva, 2020, s. 57-58).

С.Исаев ғалымның ырықсыз етіс категориясына жасаған зерттемесінде ырықсыз етіс көп жағдайда саяси немесе ғылыми бағыттағы мәтіндерден табылатынын айтып өткен. «Етіске байланысты бір ерекшелік деп ұсынып отырғанымыз – бұл етіс тұлғасының бұрын жалғанбаған етістік түбірлерге үстелуі, болмаса жаңа объектілермен грамматикалық байланысқа түсіп, жаңа предикативтік қатынаста жұмсалуды. *Мұнан соң КирЦИК мүшелерінің жалпы жиылысы (сессиясы) Россия Орталық Атқару Комитетінің жер туралы осы жылдың 22-шы майда шығарған декретін қарабынадай қаулы шығарған (ҚК, №10, 1922)... онымен сауда қатынасы түзелсін деген қарар шығарған (ЕҚ, 25 май, 1923).* Әдеби тілдің совет дәуірінде дамуы тілінде қолданылған қаулы еткен, қаулы жасады, қаулылар шығарған еді, қаулы шығарған, қарар шығарған, қарар қылған, қарарлар жасаған тәрізді тіркестер сол кезеңде қазақ тіліне жаңа кіре бастаған еді. Өйткені қазақ ұғымында ресми документ ретінде қаулы, қарар тәрізді түсініктердің бұрын болмағаны ақиқат. Олай болса бұдан ертеректе осы сөздердің екінші сөзбен (етістікпен) тіркесіп қолданылуы да мүмкін емес еді. Бұл ұғымдардың, соған орай сөз тіркестерінің жазба тілімізге ене бастауы Коммунистік партияның, жаңа құрылған Совет органдары аппараттарының іс-әрекеттерімен тығыз байланысты. Демек, бұл сөздер қазақ баспасөз тілінен алғаш Октябрь революциясынан кейінгі кездерде орын ала бастады. Сол кезеңдерден бастап баспасөз беттерінде ырықсыз етістің осы қызметі тек жоғарыдағыдай қаулы, қарар тәрізді сөздерге ғана байланысты жұмсалып қоймай, оның қолданылу өрісі кеңейе түсті» (Isayev, 2014, s. 356). Ы. Маманов ғалымның «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты еңбегінде ырықсыз етіс туралы айтқан пікірінде «ырықсыз етіс іс-әрекеттің белгілі бір субъекті тарапынан ырықсыз, яғни мәжбүрлі немесе сыртқы күштердің әсерінен орындалатындығын білдіретін етістің түрі. Ол қазақ тілінде «-ыл/-іл/-л», «-ын/-ін/-н» жұрнақтары арқылы жасалады және іс-әрекеттің субъектісі іс-әрекетті өз еркімен емес, басқа себептерге байланысты орындағандығын көрсетеді» (Mamanov, 2007, s. 39). Ы. Маманов ғалым ретінде ырықсыз етістің қолданысы, оның тілдік құрылымдағы орны және маңызы туралы зерттеу жүргізіп, іс-әрекеттерге ықпал етуші күштерді де талдап көрсеткен. ҚазҰУ профессоры О.Жұбаева өз еңбегінде ырықсыз етіске алдыңғы ғалымдардың тізгінін ұстап, келесідей сипаттама берген: «Ырықсыз етіс деп қимыл, іс-әрекеттің өздігінен орындалатын мән үстеп, қимыл, іс-әрекеттің тура объектісі оның грамматикалық бастауышы болу қызметін атқарып, тек сабақты етістіктерден ыл/ -іл қосымшасы, түбір құрамында л дыбысы болса, -ын/-ін қосымшасы арқылы жасалатын етістің түрін атаймыз.

Ағынан ақтарылып сыр айтылды,

Екі достың арасында жыр айтылды;

Сенімі серік болды бір-біріне,

Жүздерінде туысқандық шырай тұрды (К.Әзірбаев, Танд. шығ.). Алты алаштың баласының басына ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қырғыз-қазақ жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт отанды болды («Қазақ»)» (Zhubayeva, 2010, s. 15). Бұл сөйлемдерде ырықсыз етіс қолданылып, іс-әрекеттің орындалуы субъектінің еркіне бағынбайтындығы бейнеленген. Етіс түрлерінің ішінде ырықсыз етіс еріксіз, өздігінен орын алатын іс-қимылдарды білдіретінін төмендегі талдаулардан көруге болады:

1. «Ағынан ақтарылып сыр айтылды» - бұл сөйлемде «айтылды» етісі қолданылған. «Айтылды» сөзі ырықсыз етіске жатады, мұнда сөздің өздігінен айтылуы, яғни субъектінің еркіне бағынбайтындығы көрсетіледі.

2. «Екі достың арасында жыр айтылды» - осында да «айтылды» ырықсыз етіспен білдіріледі, сөйлемде жырдың екі дос арасында еріксіз түрде орын алғандығын білдіреді.

3. «Сенімі серік болды бір-біріне» - «болды» етісі осы сөйлемде ырықсыз етіс ретінде қолданылмайды, бірақ ол субъектінің еркінен тыс сенімнің пайда болуын бейнелейді.

4. «Жүздерінде туыскандық шырай тұрды» - «тұрды» сөзі де ырықсыз етіске жатады, мұнда жүздердегі шырайдың өздігінен, субъектілердің еркіне байланысты емес түрде пайда болғандығы көрсетіледі.

5. «Алты алаштың баласының басына ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді» - «тігіліп» және «көтерілді» ырықсыз етістер болып табылады. Бұлар арқылы ақ орданың тігілуі мен Алаш туының көтерілуі ұлттың өзіндік қозғалысының нәтижесі ретінде көрініс табады.

6. «Үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қырғыз-қазақ жұрты өз алдына ауыл болды» - «болды» сөзі бұл жерде ырықсыз етіс ретінде қолданылмайды, бірақ бұл өзгерістің қырғыз-қазақ жұртының еркінен тыс орын алғанын білдіреді.

7. «Отансыз жұрт отанды болды» - мұндағы «болды» етісі ырықсыз етіс ретінде қолданылмаса да, отан алу іс-әрекетінің субъектінің еркіне тәуелді еместігін білдіреді.

Ырықсыз етіс қолданылған жоғарыдағы сөйлемдерді функционалды грамматика тұрғысынан алып таксистік, аспектуалды және каузалды сипаттарына талдау жүргізсек төмендегідей нәтиже аламыз:

*Таксистік тұрғыда іс-әрекеттің мақсаты, себебі және шарттары қарастырылады.*

«Ағынан ақтарылып сыр айтылды» мұнда іс-әрекет мақсатсыз орын алған және сыр өздігінен, субъектінің еркіне байланысты емес түрде айтылды.

«Алты алаштың баласының басына ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді» бұл әрекет ұлттық мұраттар мен ұлттық мақсаттарды бейнелейді. Ақ орданың тігілуі мен тудың көтерілуі – ұлттық бірігудің нышаны.

*Аспектуалды тұрғыда іс-әрекеттің уақыттық аспектілері қарастырылады: оның аяқталуы, жалғасуы, жиілігі болады.*

«Екі достың арасында жыр айтылды» бұл іс-әрекет уақытша, белгілі бір сәтте орын алған. Жыр айту аяқталған; қайталанбайтын оқиға.

«Жүздерінде туыскандық шырай тұрды» шырайдың жүздерде ұзақ уақыт тұруы адамдар арасындағы ұзаққа созылған қарым-қатынасты білдіреді.

*Каузалды тұрғыда іс-әрекеттердің себеп-салдар байланысы анықталады.*

«Сенімі серік болды бір-біріне» бұл жерде сенім субъектілер арасындағы оң қарым-қатынастың нәтижесі ретінде көрсетіледі.

«Отансыз жұрт отанды болды» бұл сөйлемде «отанды болу» отансыздықтан құтылудың тікелей нәтижесі ретінде бейнеленеді, бұл өзін-өзі анықтау және өз алдына даму процесін көрсетеді.

Бұндай функционалды грамматикалық талдаулар сөйлемдегі ырықсыз етістің рөлін тереңірек түсінуге және олардың қазақ тіліндегі мәтіндердегі маңыздылығын ашып көрсететінін байқауға болады.

Келесі кезеңде ағылшын тілі грамматикасындағы ырықсыз етістің сөйлем ішіндегі қызметін өз еңбегінде ұсынған зерттеуші Н.М. Раевсканың талдауы бойынша ұсынылған мысалды алып, оның қазақ тіліндегі баламаларымен салғастырмалы семантикалық ерекшеліктерді талдау ұсынылады.

*It was agreed that we should make such experiments in the open air (Мұндай тәжірибелерді ашық ауада жүргізу керек екені шешілді.).*

*It was arranged that the expedition should start without delay* (Rayevska, 2009, s. 120). (*Экспедицияның кешіктірілмей басталуы ұйғарылды*).

Бұл екі сөйлемдегі ырықсыз етістерді таксистік, аспектуалды және каузалды тұрғыда талдауға болады және олардың нәтижесі төмендегідей болады:

*It was agreed that we should make such experiments in the open air. Мұндай тәжірибелерді ашық ауада жүргізу керек екені шешілді.*

Таксистік тұрғыда бұл сөйлем мақсаттылығын білдіреді. Яғни, тәжірибелерді ашық ауада жүргізу қажеттілігі белгіленген мақсат болып табылады. Бұл мақсат алдын ала анықталған және жоспарланған. Аспектуалды тұрғыда бұл сөйлем шешімнің аяқталғанын білдіреді. Яғни, тәжірибелердің жүргізілуі туралы шешім қабылданып, ол соңғы нүктесіне жеткен. Каузалды тұрғыда бұл сөйлемде шешімнің қабылдануының себебі ретінде белгілі бір зерттеу мақсаттары немесе қажеттіліктері болуы мүмкін. Мәселен, ашық ауа жағдайында жүргізілетін тәжірибелердің нәтижелері басқаша болуы мүмкін.

Келесі мысал бойынша талдасақ *It was arranged that the expedition should start without delay. Экспедицияның кешіктірілмей басталуы ұйғарылды.*

Таксистік тұрғыда бұл сөйлем экспедицияның уақтылы басталуын қамтамасыз ету мақсатында шешім қабылданғанын көрсетеді. Бұл мақсат экспедицияның жоспарлы түрде жүргізілуін қажет етеді. Аспектуалды тұрғыда бұл сөйлем шешімнің қабылдануын және оның жедел іске асырылуын білдіреді. Экспедицияның басталуы кешіктірілмеуі тиіс, бұл уақыттың маңыздылығын көрсетеді. Каузалды тұрғыда бұл сөйлемдегі шешімнің қабылдануы әр түрлі себептерге негізделуі мүмкін. Мысалы, экспедицияны кешіктірмеу қажеттілігі ауа-райының болжамдары, маусымдық жағдайлар немесе қатысушылардың кестесі сияқты факторларға байланысты болуы мүмкін. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ырықсыз етістерді функционалды грамматикалық тұрғыда салғастыру барысында етістердің атқару қызметіне қарай ұқсастықтарын байқауға болады. Алайда, ағылшын тіліндегі ырықсыз етістің қолдануының ерекшелігінде айтып кеткен жөн. Ағылшын тілінде тікелей ырықсыз етісі бар синтаксистік құрылымдардың жиілік мәні жоғары болғанымен, сөйлемнің грамматикалық ұйымдастырылуына байланысты олардың қолданылуында белгілі бір шектеулер бар. Яғни, тікелей бастауыш рефлексивті демеулік есімдікпен немесе сөйлем субъектісімен бір адамды білдіретін иелік демеулік есімдікпен бірге келген зат есіммен білдірілген кезде, ырықсыз құрылым мүмкін емес. мысалы:

*He hurt himself. Ол өзіне зиян келтірді.*

*Peter hurt his arm*[7, 120]. *Питер өз қолын жарақаттады.*

Сонымен қатар to take part, to take courage, to take flight, to take alarm, to lose heart, to take heart сияқты фразалық етістіктерде ырықсыз етіс формалары жоқ. Дегенмен, мысалы to lose sight of, to take care, to take responsibility, to pay attention сияқты кейбір фразалар ырықсыз құрылымды қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы: *No responsibility is taken for the loss of personal property (hotel notice). Attention must be paid to the results of the first experiment. Such things should not be lost sight of* (Rayevska, 2009, s. 120)/ *Жеке мүліктің жоғалуы үшін ешқандай жауапкершілік алынбайды* (қонақ үй хабарламасы). *Бірінші тәжірибенің нәтижелеріне назар аударылуы тиіс. Мұндай нәрселерді назардан тыс қалдыруға болмайды.* Етістіктердің лексикалық мағыналарының шексіз алуан түрлілігіне байланысты етістіктер мен олардың объектілері арасындағы құрылымдық қатынастар соншалықты икемді болғандықтан, әр түрлі түрдегі объектілер арасында қатаң шекара сызу шын мәнінде оңай емес.

Етістіктер мен олардың объектілері арасындағы қатынастар етістіктердің өздерінің әртүрлі мағыналарына сәйкес өзгереді, мұны H.Sweet берген келесі мысалдардан көруге болады: *kill the calf, kill the time, run a risk, run a business, answer a*



*letter, a question, a person, pay the bill, pay six shillings, pay the cabman, fill a pipe, fill an office, etc.* / бұзауды өлтіру, уақытты өлтіру, қауіпке бару, бизнесті жүргізу, хатқа жауап беру, сұраққа жауап беру, адамға жауап беру, шотты төлеу, алты шиллинг төлеу, таксистке ақы төлеу, түтінге толтыру, лауазымды толтыру т.б. Басқа еуропалық тілдерде сирек кездесетін құрылым ерекшелігі жанама немесе екінші дәрежелі ырықсыз етіспен жазылған сөйлем үлгілерінде байқалады. Екі объектіні — тікелей және жанама объектіні қабылдайтын етістіктер бар. Олардың ішінде жиі кездесетіндері: *to allow, to ask, to award, to give, to grant, to leave, to offer, to promise, to send, to show, to teach, to tell* / рұқсат ету, сұрау, марапаттау, беру, қаржыландыру, қалдыру, ұсыну, уәде беру, жіберу, көрсету, оқыту, айту. Бұл етістіктер екі ырықсыз құрылымды қабылдайды:

a) *A book was given to him.* / Оған кітап берілді (тікелей бірінші дәрежелі ырықсыз).

b) *He was given a book* (Rayevska, 2009, s. 121). / Оған кітап берілді (жанама екінші дәрежелі ырықсыз). «Беру» етістігі бар сөз тіркестерінде жанама (екінші дәрежелі) ырықсыз құрылым жиі кездеседі, мысалы: *несие беру, бұйрық беру, мүмкіндік беру, таңдау мүмкіндігін беру, түсіндірме беру, мүмкіндік беру, бұйрықтар беру, пана беру* және тағы басқалар. Мысалы: *He was provided with a good opportunity to argue.* / Оған пікір таласуға жақсы мүмкіндік берілді. *An opportunity to go to the south in summer is given to her.* / Жазда оған оңтүстікке баруға мүмкіндік беріледі. *Suppose, a choice is given to you. What would be preferred by you?* / Дәл қазір, сізге таңдау мүмкіндігі берілсе, қандайын таңдар едіңіз? Ағылшын тілінде белсенді құрылымда тікелей және жанама объектілерді қабылдайтын көптеген етістіктер бар, бірақ олар тек бір ырықсыз құрылымды — тікелей ырықсыз құрылымды қабылдайды, мысалы: *әкелу, істеу, ойнау, телеграф арқылы хабарлау және тағы басқалар*. Тізімді ұзартуға болады. Алайда, ағылшын тілінде басқа етістіктер де кездеседі және олар ырықсыз етіс ретінде мағыналары да, құрылымдары да кері айналдырылмайды. Олардың қатарына көп кездесетін етістіктердің бірі «have». «Have» етістігінің ырықсыз түрі жоқ. Ол тұрақты мағынада қолданылады. Мысалы: *We have a car.* / Бізде көлік бар.

Ғалым М. Оразовтың айтуынша тіл біліміндегі мәселелердің бірі - сөздердің семантикасына жан-жақты талдау жүргізу. Себебі, әр сөздің атқару қызметі мен қолданылу мақсатына қарай сөз мағынасы ажыратылып, анықтамалар берілуі керек. Бұндай анықтамаларды нитернетті қолдана отырып [sozdikqor.kz](http://sozdikqor.kz) сайтынан әртүрлі салалық сөздіктер мен энциклопедиялардағы сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, іздеген сөздердің мағынасын табуға мүмкіндік беретін платформа болса, ал ағылшын тіліндегі сөздердің мағынасын табуға көмегін беріп келе жатқан көп жылдық тарихы бар Оксфорд баспасынан шығатын сөздіктерден таба аламыз. Бұл сөздіктерде ағылшын тіліндегі сөздердің қолданылу мақсатына қарай анықтамалар немесе түсіндірмелер мысалдарымен қосылып беріледі. Егер де [sozdikqor.kz](http://sozdikqor.kz) сайтынан сабақты етіс болатын «қайнатты» деген сөзінің семантикасын ағылшын тіліндегі баламасымен салғастырсақ, сөз мағыналарының ұқсастықтары тағы да байқалады. Мәселен, қайнатты - өте ыстық болды; айранды қайнатты; шыдамын тауысты, ызасын келтірді (<https://sozdikqor.kz/>) деген мағыналарды білдірсе, ағылшын тілінде *қайнатты* сөзі *boiled* етіп аударылады. Oxford learner's pocket dictionary сөздігінен *boiled* сөзінің мағынасын тапсақ: *bubbled and changed into steam* (көпіршектеніп буға айналды); *was very angry* (өте ашулы болды) (Chief Compiler Martin H. Manser, 2002, s. 41) мағыналарын береді. Бұл қазақ және ағылшын тілдеріндегі сабақты немесе ырықсыз етіс категорияларының семантикалық тұрғыдан жүз пайыз ұқсастықтың көрсеткіші болмаса да, синонимдік мағыналас болып келетініне тағы да бір дәлел екенін айта аламыз. Бір сөздің бірнеше мағынаға ие екендігін берілген мысалдардан көріп отыруымыздың себебі, олардың ауыспалы

мағыналарының есебінен болуы. Лингвистика саласында халықаралық тілдер қатынасын зерттеуші поляк және австриялалық ғалым Анна Вежбицкаяның семантикалық талдау зерттемесіне білдірген пікірінде ол «Әлемдегі әр нәрсені анықтау мүмкін емес. Бір нәрсені нақтылау үшін (айқын немесе жасырын шеңберге түспеу мақсатында) міндетті түрде кейбір анықталмайтын ұғымдарға сүйену қажет. Егер біз осындай қарапайым немесе анықталмайтын ұғымдарды тапсақ, бірақ олар интуитивті түрде түсінікті әрі айқын болмаса, біздің анықтамаларымыз ештеңе түсіндірмейді». (Vezhbitskaya, 2003, s. 19), бұл тұжырымға сүйенсек, яғни қандайда бір тілдердің семантикалық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салғастыра тізіп тұрып қарастыра бермеуін меңзейді. Сол сияқты, қазақ және ағылшын тілдеріндегі етіс категорияларының бәрі дерліктей семантикалық талдауға келе бермейтінін де қабылдауымыз керек. Дегенмен, А.Вежбицкаяның жоғарыда айтқан тұжырымы тек жеке бір ғана тілдегі омоним болып келетін сөздер немесе полисемантизмдік қасиетке ие сөздерге қатысы жоқ. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етіс категорияларын салғастыра отырып зерттеп, олардың семантикалық ерекшеліктерін анықтап беру арқылы, қазақ тілінің құрылымы өзге елдің тілдерімен тілдік дәрежеде салыстыруға, салғастыруға, артықшылығын көрсете алуға жататынын және ғылым тілі екенін мойындату мақсатында дамыған ағылшын тіл өкілдерінің ғалымдарының назарын аудартуға болады деген сенімдеміз.

### **Қорытынды**

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ырықсыз етістерді салыстыру арқылы бұл тілдердің грамматикалық құрылымдарындағы ерекшеліктерді анықтауға болады. Мысалы, қазақ тіліндегі «Кітап оқылды» және ағылшын тіліндегі «The book was read» сөйлемдерінде екеуінде де ырықсыз етіс қолданылған. Бұл сөйлемдерде субъектілердің белсенді қатысуы жоқ, тек іс-әрекеттің өзі ғана берілген. Қазақ тілінде ырықсыз етіс бірнеше жолмен жасалуы мүмкін, мысалы, «-ыл», «-іл», «-л» жұрнақтары арқылы, ал ағылшын тілінде негізінен «be + past participle» формасы қолданылады. Қазақ тіліндегі «Бала табылды» сөйлемін ағылшынша «The child was found» деп аударғанда, екеуінде де іс-әрекеттің нәтижесіне назар аударылады. Сондай-ақ, қазақ тілінде ырықсыз етістің көмегімен жүктемені объектіден субъектіге ауыстыру арқылы сөйлемнің мағыналық ауқымы кеңейтіледі. Мысалы, «Есік ашылды» сөйлемінде «есік» субъект ретінде қарастырылады, бұл оның өздігінен ашылуын білдіреді, бірақ нақтылы бір күштің ықпалымен болғанын аңғартады. Осылайша, ырықсыз етіс қазақ және ағылшын тілдерінде ортақ грамматикалық құрал ретінде қызмет етеді, бірақ олардың қолданылу аясы және синтаксистік ерекшеліктері екі тілде де өзгеше болып келеді. Бұл ерекшеліктер тілдік құрылымдардың түсінігіне үлкен әсер етеді және сөйлемдерді талдау кезінде ескерілуі тиіс. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ырықсыз етіс категориясын салғастырудағы семантикасының тәжірибелік маңыздылығы бірнеше аспектілерде көрініс табады. Бұл аспектілер тілдік құрылымдардың түсінігін тереңдету, тіл үйрену процесін жақсарту және тілдер арасындағы коммуникацияны жеңілдету сияқты маңызды мәселелерді қамтиды. Тілдік құрылымдардың семантикалық ерекшеліктерін түсіну, тіл үйренушілерге тілді тиімдірек меңгеруге көмектеседі. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ырықсыз етіс категориясын талдау арқылы, оқытушылар тіл үйренушілерге грамматикалық құрылымдардың негізгі семантикалық функцияларын түсіндіре алады, бұл тіл үйрену процесінде тереңірек түсініктемелерді қамтамасыз етеді және тілдер арасындағы түсіністікті арттырады және тілдік кедергілерді еңсеруге көмектеседі. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ырықсыз етіс категориясының салғастыруындағы семантикалық талдаудың тәжірибелік маңыздылығы - тіл білімінің теориялық және практикалық аспектілерінде көрініс табады. Бұл талдау тілді тереңірек

түсінуге, тіл үйрену процесін жетілдіруге және тіларалық коммуникацияны жақсартуға ықпал етеді.

### Қауыпқас

Baitursynuly, A. (2009). *Til kural*. Kurastyrgan: E. Tileshov. Almaty.

Chief Compiler Martin H. Manser. (2002). *Oxford learner's pocket dictionary*. New York.

Isayev, S. (2014). *Kazak til biliminin maseleleri*. Kurastyrgan: f.g.d., Anes, G. zhane prof. Isayeva, N.S. Almaty.

Mamanov, Y. (2007). *Kazak til biliminin maseleleri*. Almaty.

Rayevska, N. M. (2009). *Modern English grammar for Senior Courses of the Foreign Language Faculties in Universities and Teachers' Training Colleges*. Institut Strategicheskix Informatsionnyx Texnologii v Obrazovanii. Bishkek. <https://sozdikqor.kz/>

Turesayeva, G.M. (2013). *Studentter boiynda madenietaralyk kommunikativti kuzyrettilikti kalypstaryrudyn manyzdylygy men adis-tasilderi*. Kazakstan Respublikasynyn Birinshi Prezidenti kunine arналған «Seifullin okulary – 9: zhogargy bilim zhane gylym damuyndagy zhana bagyt» atty Rsspublikalyk gylymi-teoriyalyk konferentsiya materialdary. Almaty.

Vezhbitskaya, A.S. (2003). *Sopostavlenie kul'tur cherez posredstvo leksiki i grammatiki*. Moskva.

Yesenalieva, Zh. (2020). *Salystyrmaly til bilimi*. Almaty.

Zhubayeva, O.S. (2010). *Kazak tili grammatikalyk kategoriylarynyn antropoozektiligi*. Dissertatsiya. Almaty.

### Extended Summary

The process of human cognition involves the reflection of all objects and phenomena in the surrounding world in the human mind, leading to the formation of certain concepts. These concepts gain lexical and grammatical meaning in the brain and are expressed through language. When a concept is conveyed through words, meaning emerges, and this meaning represents the content of words used to convey thoughts. Language is the tool that enables the meaningful expression of concepts formed in the mind.

Kazakh language researcher O.S. Zhubayeva emphasizes that language serves as a means of cognition and communication. She states that language is a primary method for conveying accumulated knowledge about the world and that it leaves an imprint on cognitive activities, thus participating in thought processes. Cognitive linguistics plays a crucial role in studying human cognitive abilities and highlights that the formation of the world without language is impossible. The term “cognitive” is understood as the ability of a person to perceive, remember, think, speak, and understand phenomena in the surrounding environment. Therefore, the cognitive process is inherently linked to language, with language and cognition being closely intertwined. Their relationship underlines the significance of values in human life.

Domestic researcher S.S. Kunambayeva posits that language functions as a carrier of human culture, while G.M. Turesayeva highlights the importance of focusing on the cultural-cognitive and communicative functions of language in teaching. Cognitive science aims to analyze information about the surrounding world, form understandings, and manage the processing of information and thought processes. In cognitive linguistic research, it is evident that the linguistic representation of the world varies between Kazakh and English cultures. Despite the differences, both languages exhibit similarities in the semantics of the passive voice category, demonstrating universal cognitive processes in categorizing actions and states.

Comparative-typological studies allow educators to identify structural features of various languages and establish universal and typological characteristics. These studies are particularly important in the process of learning foreign languages, as they facilitate language learning by comparing the systematic structures of different languages. Typological research reveals similarities and differences in the grammatical, semantic, and phonological aspects of multiple languages. Such comparative methods are widely used in linguistics and serve as essential tools for identifying structural characteristics of languages.

For the comparative analysis of the passive voice in Kazakh and English, four primary methods are applicable: comparative-typological, componential analysis, structural, and comparative-historical methods. The

comparative-typological method effectively compares the structural and functional aspects of the passive voice in both languages. The componential analysis method focuses on analyzing the semantic and grammatical components of verbs. The structural method examines the structural systems of languages, revealing similarities and differences in their grammatical systems. The comparative-historical method explores the historical development and kinship connections of the passive voice systems in Kazakh and English, providing valuable insights into their formation and usage.

Leading scholars in Kazakh linguistics, such as A. Baitursynov, S. Isaev, and O. Zhubayeva, along with international scholars like N. Chomsky, R. Huddleston, and A. Radford, have significantly contributed to the understanding of the passive voice category. Baitursynov's works offer insights into the logical analysis of linguistic structures, while Isaev and Mamano's research focuses on the syntactic roles and literary use of the passive voice. Zhubayeva's morphological studies further elucidate the passive voice in Kazakh.

In the study of the passive voice, Kazakh language researchers have emphasized its use in expressing actions performed involuntarily or due to external forces. The passive voice in Kazakh is formed using specific suffixes, such as “-ыл/-іл/-л” and “-ын/-ін/-н,” indicating actions performed independently of the subject's will. In English, the passive voice is typically realized through the “be + past participle” construction, where the action's main object is presented as the subject, and the actor is either backgrounded or omitted.

Comparative analysis of Kazakh and English passive voice structures highlights both universal and unique aspects of their grammatical systems. For example, while both languages use the passive voice to shift focus from the doer to the action or its recipient, Kazakh employs a richer set of morphosyntactic mechanisms. The analysis also reveals that Kazakh often uses non-active voices influenced by its Turkic roots and agglutinative morphology.

The practical significance of this semantic comparison lies in improving the understanding of linguistic structures, enhancing language learning processes, and facilitating inter-linguistic communication. By examining the primary semantic functions of grammatical structures in both languages, educators can provide deeper explanations and support learners in overcoming language barriers. Additionally, this research contributes to the theoretical and applied aspects of linguistics, aiding in the development of concepts related to linguistic structure transfer and language preparation.

In conclusion, comparing the passive voice in Kazakh and English reveals essential insights into their grammatical structures, highlighting both shared and unique features. This comparative study not only deepens the understanding of each language's cognitive processes but also supports practical applications in language teaching and cross-linguistic communication.